

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

Жезқазған қаласы

10.11.2023 ж

Қатысқандар: мектеп-лицей директоры Мукашева К.Б., директордың тәрбие іс жөніндегі орынбасары Сапиянова Ш.Б., әлеуметтік педагог Абенова М.К., Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44 бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.

2. Қамқоршылық кеңестің қатысуымен 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту, атқарылатын іс-шаралар жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры К.Б.Мукашева сөз сөйледі. Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, жалпы ережелерін қамқоршылық кеңесі міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б.Сапиянова сөз сөйледі. 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің 06.11.2023 жылғы №226-н бұйрығына сәйкес төмендегі ата-аналар қамқоршылық кеңестің мүшелеріне сайланды.

1. А.Комарова
2. Г.Смагулова
3. Н.Муратова
4. Р.Тұрсынбаева
5. А.Садыкова
6. Ж.Аманбеков
7. Н.Халиева
8. Б.Отыншиев
9. А.Абикенова


Осы құрамдағы Комарова Айжан Комаровнаны қамқоршылық кеңестің төрайымы етіп сайлауға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б.Сапиянованы хатшы ретінде тағайындауға қамқоршылық кеңестің құрамы бірауыздан ұсынды.

Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары талқыланып, кеңес мүшелері бірауыздан қабылдап бекітті.

Қабылданған қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің мүшелері Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Комарова Айжан Комаровна, хатшысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б.Сапиянова тағайындалсын. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітіліп, іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы



Комарова А.К.

Хатшы

Сапиянова Ш.М.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы

27.12.2023 ж.

Қатысқандар: 9

10. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.Комарова
11. Г. Смагулова
12. Н. Муратова
13. Р. Тұрсынбаева
14. А. Садыкова
15. Ж. Аманбеков
16. Н. Халиева
17. Б. Отыншиев
18. А. Абикенова

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының қорытындысы
2. Отбасылық тұрмысы нашар толық емес және көпбалалы отбасылармен алдын алу жұмысы. Көмек қажет ететін отбасылардың тізімін жасақтау.

Тыңдалды:


1. Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы А.Комарова 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы қамқоршылық кеңес жұмысының қорытынды есебін таныстырып, бірге атқарылған жұмыстар үшін өз алғысын білдірді. II жарты жылдықта жоспарға сәйкес бекітілген жұмыстардың жүйелі түрде ұйымдастырылуын талап етті. Осы негізде жыл бойы ата-аналарды тарту мақсатында мектеп-лицейде әр түрлі шаралар өткізіліп, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарына өз қол ұшымызды созуға асығайық деп сөзін қорытындылады.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы М.Абеннова сөз сөйлеп, өз жоспарымен таныстырды. Ағымдағы оқу жылында мектеп-лицейімізде 1472 оқушы білім алуда, оның аз қамтылған отбасылар саны -33, ондағы балалар саны -51, көпбалалы отбасылар саны -436, ондағы балалар саны -1859, толық отбасылар саны -1204, толық емес отбасылар саны 158. Бұл сандарға қарамастан бұл оқушылардың отбасылық жағдайы жақсы. Оқу жылы басында АӘК алуға 6 ата-ана өтініш тастады. Қазіргі таңда мектеп-лицейімізде оқушы бір мезгілде ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Қаулы:

1. Кеңес мүшелеріне жүктелген міндеттер назарға алынып, талапқа сай атқарылсын.
2. Жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты арттыру бағытындағы іс-шаралар өткізілсін.
3. Мектепте АӘК алатын оқушылар үнемі әлеуметтік педагог назарында болсын.

Төрайымы

Хатшы



Комарова А.К.

Сапиянова Ш.М.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Жезқазған қаласы

06.03.2024 ж.

Қатысқандар: мектеп-лицей директоры К.Б.Мукашева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Козыбаева, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар комитеті.

Күн тәртібінде:

1. Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ-де өзін-өзі бағалау процедурасының өтуі туралы

Бірінші мәселе бойынша «Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ директоры Мукашева Кулпаш Байзадиновна сөз алып, білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымға жеткізді. Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы үш жылда бір рет жүргізіледі. Мектеп-лицейдің мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылдың 27 мамырдан 27 маусым дейінгі аралығында өзін-өзі аттестаттау процедурасы өтетінін айтып өтті.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі берілді:

- 1) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда аттестатталды;
- 2) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда аттестатталмады.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) беру арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1- тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:


- 1) Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
- 2) Кадрлық құрамға талдау;
- 3) Білім алушылар контингенті;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыс;
- 5) Оқу-материалдық активтер;
- 6) Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
- 7) Білім алушылардың білімін бағалау;
- 8) Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
- 9) Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары;
- 10) Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптыларды ұсынды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрылғанын айтып өтті.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің мүшелері 2024 жылдың 27 мамырдан 27 маусымға дейінгі аралығында мектеп-лицейде өтетін өзін-өзі бағалау жұмысына қолдау көрсетсін.
2. Өзін-өзі бағалау барысындағы сауалнамаларға ата-аналар белсенді қатыссын.
3. Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылының ақпараттары дайындалсын.

Төрайымы



Комарова А.К.

Хатшы

Козыбаева Г.Ж.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің
Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы

Жезқазған қаласы

15.05.2024 ж.

Қатысқандар: 9

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.Комарова
 2. Г.Смагулова
 3. Н.Муратова
 4. Р.Тұрсынбаева
 5. А.Садыкова
 6. Ж.Аманбеков
 7. Н.Халиева
 8. Б.Отыншиев
 9. А.Абикенова
- Мектеп-лицей директоры К.Б.Мукашева

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры алдағы жазғы демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қандай шаралар жоспарланып жатқанын таныстырды. Оның ішінде жазғы лагерь бойынша жазғы каникул уақытында мектеп-лицейімізде «Жазғы демалыс академиясы» жобасы аясында 8,10 сынып оқушылары арасында мауыс айының 05-15 аралығында бейінді лагерь және мектеп жанындағы «Балауса» жазғы сауықтыру лагерьі 2 ауысым бойынша жұмыс жасайтынын, сонымен қатар түрлі қала сыртындағы лагерьлерге оқушыларымызды жіберу жоспарын жеткізді. Және де кеңес мүшелері аз қамтылған отбасылар мен қамқорлықтағы балаларды жазғы каникул уақытында лагерьлерге жіберуді дұрыс ұйымдастыру үшін өз көмектерін көрсететінін жеткізді.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Козыбаева 2024 жылдың маусым айында 7-8 сынып оқушыларына мектеп ауласын көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына баулу мақсатында мектеп-лицей оқушылары мектеп ауласындағы гүлдерді суару, арам шөптерден тазарту жұмыстарын жүргізілетінін айтып өтті.

Қаулы:

1. Оқушылардың жазғы демалысын тиісті деңгейде ұйымдастыру.
2. Мектеп ауласын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын бірлесіп жүргізу.

Төрайымы

Хатшы

Комарова А.К.

Козыбаева Г.Ж.